

**"Ветеринария саласы бойынша зертханалық-диагностикалық зерттеулерінің үлгілік уақыт нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 16-07/582 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 193 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ветеринария саласы бойынша зертханалық-диагностикалық зерттеулерінің үлгілік уақыт нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 16-07/582 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9011 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 72(28296) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж о л д а н у ы н ;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

*А. Мамытбеков*

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у ж ә н е  
ә л е у м е т т і к д а м у м и н и с т р л і г і  
----- Т . Д ү й с е н о в а

\_\_\_\_\_ 2016 год